



Құрметті студент!

2018 жылы «Жаратылыстану ғылымдары - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B060900	«География»	1. Жалпы жертану 2. Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе 3. Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы 4. Қазақстан географиясы

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Жалпы жертану
2. Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе
3. Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы
4. Қазақстан географиясы

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Жалпы жертану

1. Ежелгі континенттер:

- A) Гондвана
- B) Солтүстік Америка
- C) Пангея
- D) Еуразия
- E) Лавразия

2. Морфоқұрылымдарға жатады:

- A) заңғар тау жоталары
- B) табиғат зоналары
- C) көлдер
- D) орман алаптары
- E) мұхит қазаншұңқырлары

3. Географиялық қабықтың құрамдас бөлігі:

- A) Атмосфера
- B) Энергия көзі ретінде мантия
- C) Ноосфера
- D) Энергия көзі ретінде күн
- E) Күн жүйесі

4. Географиялық қабықтың ірі компоненттері:

- A) жоталар
- B) тау беткейі
- C) ауа
- D) өзен арнасы
- E) тропосфера
- F) гидросфера

5. Еуропаның ірі көлдері:

- A) Байкал
- B) Ладога
- C) Чад
- D) Вольта
- E) Мичиган
- F) Гурон
- G) Венерн

6. Өзендегі судың химиялық құрамы көрсетілген кластар:

- A) Тұздалған
- B) Тұщы
- C) Күкіртті
- D) Сульфаттық
- E) Көміртегілік
- F) Гидрокарбонаттық және карбонаттық
- G) Ащы

7. Атмосфераның қабаттары:

- A) Термосфера
- B) Мохорович
- C) Озон
- D) Мантия
- E) Биіктік

8. Жергілікті экологиялық мәселе:

- A) Демографиялық
- B) Саяси
- C) Техногендік ластануы
- D) Демократиялық
- E) Зауыттар айналасындағы шу
- F) Қарусыздандыру

9. Тұмандар:

- A) Талассократондарда жиі байқалуда
- B) Гидрометеорлар болып табылады
- C) Белгілі аумақтардағы көп жылдық жауын-шашындардың тұрақты режімі
- D) Еркін атмосферада пайда болады
- E) Конденсация өнімі болып табылады
- F) Тек геосинклинальға тән

10. Биохимиялық активті техногендік заттар:

- A) Пестицидтер
- B) Күкіртті сутек
- C) Педохимиялық заттар
- D) Метан
- E) Кальций карбонаты
- F) Улы микроэлементтер
- G) Гербицидтер

11. Биосфера:

- A) Кең көлемді қамтитын газды қабат
- B) Күннің көзге көрінбейтін беткі қабаты
- C) Барлық су буы шоғырланған қабат
- D) Әртүрлі газдар мен аэрозольді заттардың қоспасынан тұратын Жердің газды қабығы
- E) Жер қабықшасының аймағы
- F) Жердің тіршілік аймағы
- G) Жер планетасының организмдері мекендеген аймақ

12. Биосфералық қорықшалардың бөлінуі:

- A) Ландшафтылық
- B) Физикалық
- C) Химиялық
- D) Географиялық
- E) Ядролық
- F) Геологиялық
- G) Ботаникалық

13. Географиялық қабықтың маңызды заңдылықтары:

- A) Зат және энергия айналымы
- B) Зоналылығы
- C) Жартылай өзгеріске ұшырауы
- D) Зоналылыққа енбеуі
- E) Өзгермейтіндігі
- F) Ауа массаларының таралуы

14. Геокомплексстерді танып білу әдістері:

- A) Функционалдық
- B) Химиялық
- C) Типологиялық
- D) Биологиялық
- E) Физикалық
- F) Генетикалық

15. Экзогендік процестер:

- A) Дамбалар
- B) Жер сілкінуі
- C) Жауын-шашын
- D) Жел
- E) Күн энергиясы

16. Географиялық қабықта болып жатқан айналымдар:

- A) Барикалық градиент
- B) Атмосфераның ғаламдық айналымы
- C) Жер шарын айналу экспедициялары
- D) Жабық және мінсіз болып табылады
- E) Биологиялық айналым
- F) Мұхиттағы су айналымы

17. Географиялық қабық тұтастығының ең айқын көрінісі:

- A) Жыл мезгілдерінің ауысуы
- B) Демографиялық «жарылыс»
- C) Пассионарлық
- D) Құятын өзендер ағындарын реттеу нәтижесінде Арал теңізінің тартылуы
- E) Құрамдас бөліктерінің бірі өзгергенде, қалғандары да өзгереді
- F) Тропосферадағы тұрақты желдер мұхиттардағы тұрақты ағыстардың пайда болуына себепші

18. А.Г. Исаченко бойынша зоналды заңдылық:

- A) Биіктік белдеулік
- B) Изостазия
- C) Термобразия
- D) Ендік белдеулік
- E) Орогенез
- F) Эпейорогенез
- G) Шөлге айналу

19. Материктік жер қыртысы:

- A) Базальт, гранит және шөгінді қабаттардан тұрады
- B) Еуразия материгіне сай келеді
- C) Жер бедерінде суасты орта-мұхиттік жоталарға сай келеді
- D) Қалыңдығы шамамен 5-10 км
- E) Мұхит қазаншұңқырына сай

20. Географиялық қабықтың қалыптасуына әсер ететін планетарлық факторлар:

- A) Жердің өз осінен айналуы
- B) Күннің өлшемі
- C) Жердің ішкі құрылысы
- D) Жердің орбита бойынша қозғалысы
- E) Кіші аспан денелерінің әсері

21. Қалалар массаларының ұлғаюының салдары:

- A) Жер пішінінің өзгеруі
- B) Тау жыныстары қабаттарының нығыздануы мен басылуы
- C) Фито- және зооценоздың морфологиялық өзгерістері
- D) Фотосинтездің бұзылуы
- E) Жер орбитасы траекториясының өзгеруі
- F) Геотехноморфогенді изостазия
- G) Жер қыртысы тепе-теңдігінің бұзылуы

22. Тау жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерінің антропогендік өзгеруі:

- A) Озон қабатының бұзылуы
- B) Опырылу
- C) Вулкандық аумақтарда метаморфизациялану
- D) Цунами
- E) Мұхит қазаншұңқырының түбінде тұнбалардың шөгілуі
- F) Жымдастық

23. Тиімді табиғатты пайдалану жүйесі негізделетін басты критерийлер:

- A) Физикалық
- B) Экологиялық
- C) Химиялық
- D) Экономикалық
- E) Әлеуметтік

24. Климаттық мониторинг:

- A) Экомониторингтің ең төменгі деңгейлес қызметі болып табылады
- B) Бірінші ретте қорықтар мен қорықшалардан түскен мәліметтерді зерттейді
- C) Адам баласы жасаған нысандарды және биосфераның жансыз құрам бөліктерін зерттейді
- D) Гидрометеорологиялық бақылаумен үйлеседі
- E) Тірі ағзалардың қоршаған ортасының ластануына көрсеткен реакциясын зерттейді
- F) Климат жүйесінің ауытқуларын бақылау және болжау жөніндегі қызмет
- G) Халық денсаулығын байқау, талдау, бағалау және болжау жөніндегі шаралар кешені

25. Санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг:

- А) Халық денсаулығының сандық және сапалық жағдайын қадағалау, бағалау, жағдайын болжау жөніндегі мемлекеттік жүйе
- В) Климаттың өзгеруін зерттейді
- С) Бір ғана антропогендік ластану көзін қадағалайтын мониторинг
- Д) Жануарлар дүниесінің биологиялық алуан түрлілігін сақтау жөніндегі әдістерді әзірлейтін мониторинг
- Е) Таулар мен шөлейтті жерлерді зерттейді
- Ғ) Климаттың қалыптасуына әсер ететін биосфераның бөліктері: атмосфераны, мұхиттарды, мұздықтарды және басқаларын қамтиды

**Жалпы жертану
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе

1. Экономикалық, әлеуметтік, саяси-географиялық зерттеулерде қолданылатын ақпараттың түрлері:
 - A) Мұрағат материалдары
 - B) Тіректік белгілер
 - C) Тарихи деректер
 - D) Статистика деректері
 - E) Қадағалау
 - F) Логистикалық материалдар

2. Жаңашылдық теориясын және жаңашылдық диффузия теориясын енгізген ғалымдар:
 - A) Б.Родоман
 - B) Т.Хегерstrand
 - C) В.Вавилов
 - D) Г. Демко
 - E) В.Кристаллер

3. 1995 жылы Евроодаққа мүше болған елдер:
 - A) Ирландия
 - B) Норвегия
 - C) Швеция
 - D) Финляндия
 - E) Австрия

4. Өзін-өзі басқара алу мәртебесіне ие емес Африкадағы аумақтар:
 - A) Виргин аралдары
 - B) Сейшел аралдары
 - C) Комор аралдары
 - D) Сеута және Мелилья
 - E) Реюньон
 - F) Малави

5. Сарқылмайтын ресурстар:
 - A) Жануарлар
 - B) Ағын су энергиясы
 - C) Ауылшаруашылығы
 - D) Жел энергиясы
 - E) Күн энергиясы

6. В.Кристаллердің "орталық орын" теориясы мынадай маңызды ұғымдардан тұрады:

- A) қоршаған орта
- B) топырақ
- C) тартылыс зонасы
- D) орталық орын
- E) толықтырушы аймақтар
- F) негізгі орта
- G) табиғи орта

7. 1926 жылы И.Тюнен анықтаған ауыл шаруашылығы өндірісін орналастырудағы заңдылықтар:

- A) адам шығыны
- B) көлік шығыны
- C) табиғи жағдай және ресурстар
- D) өндірістік шығын
- E) өткізу нарығы

8. Өзен сулары ластануының басты себептері:

- A) Қышқыл жауындар
- B) Атмосфераның ластануы
- C) Өнеркәсіп орындарының қалдықтарының өзенге жіберілуі
- D) Халықтың тығыз орналасуы
- E) Техникалық құрылыстардың салынуы
- F) Ауыл шаруашылық алқаптарының өзен бойында орналасуы
- G) Тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланылған суларды өзенге ағызып жіберу
- H) Өзен бойында ірі қалалардың орналасуы

9. Көліктің дамуын талдау үшін негізгі көрсеткіштер:

- A) көлік желісінің шоғыры
- B) жан басына шаққандағы ЖІӨ
- C) тасымалдың орташа қашықтығы
- D) локализация коэффициенті
- E) су айналымы
- F) ең аз орын ауыстыру нүктесі
- G) зат айналымы

10. Ірі қара мал басы жөнінен жетекші елдер:

- A) Үндістан
- B) Өзбекстан
- C) Түрікменстан
- D) Египет
- E) Аргентина
- F) Пәкістан
- G) Аустралия

11. Шығыс Азия аймағы шығу отаны болып саналатын үй жануарлары:

- A) Қой
- B) Ешкі
- C) Үйрек
- D) Тауық
- E) Қодас

12. Субурбандалу ұғымын ашатын анықтамалар:

- A) бір қаланың ішінен екінші қаланың пайда болуы
- B) қала халқының қала маңына көшуі
- C) ауыл халқының шектен тыс көбеюі
- D) халықтың ауылдан қалаға көшуі
- E) каладан ауылға көшуі
- F) жалған қалалардың пайда болуы

13. Т.Мальтус жасаған түйіндерді қайталап, адам санының өсуін қарастырған ғалымдар:

- A) Ф.Ратцель
- B) У.Беренс
- C) В.Кристаллер
- D) Д.Медоуз
- E) Й.Рандерс
- F) А.Вебер
- G) И.Тюнен

14. ТҰК штаб-пәтерінің саны бойынша (XXI ғ.басы) дүниежүзілік жетекші-елдер:

- A) Франция
- B) ОАР
- C) Канада
- D) Ресей
- E) Үндістан
- F) Қытай
- G) АҚШ

15. Дүниежүзінде жүк тасымалы бойынша аса ірі аэропорттар:

- A) Қазақстан
- B) Мәскеу
- C) Нью-Йорк
- D) Мемфис
- E) Анкоридж
- F) Сянган
- G) Сингапур
- H) Париж

16. Евроодаққа мүше болып табылмайтын елдер:

- A) Швейцария
- B) Австрия
- C) Финляндия
- D) Германия
- E) Франция

17. Н.Н. Баранский бойынша экономикалық география үшін маңызды рөлді атқарады:

- A) Халықтың тууы
- B) Экономикалық интеграция
- C) Халықтың ұдайы өсуі
- D) Әлемдік жолдарға қатыстылығы
- E) Халықтың өлімі
- F) Үлкен рыноктарға бөліну

18. Математикалық моделдеудің қолдану кезеңдері:

- A) Сипаттама
- B) Міндеттерді топтастыру
- C) Аудандастыру
- D) Жинақтау және ақпаратты сараптау
- E) Таңдалған үлгісін модификациялау

19. Географиялық ақпаратты сараптау, қисындау және жинақтау әдістері:

- A) Мәселелік анализ әдісі
- B) Салыстырмалы-географиялық
- C) Түздік зерттеу әдісі
- D) Сандық
- E) Қадағалау

20. Далалық зерттеу арнайы дайындалған бағдарлама бойынша жүзеге асады:

- A) Басты аудандарды зерттеу
- B) Ғарыштық фото және телетүсірілім
- C) Ауыл пункттерін зерттеу
- D) Қалалық агломерациялар
- E) Ірі қалаларды зерттеу
- F) Экономикалық аудандарды зерттеу
- G) Маршрутты бақылау
- H) Аумақты толықтай зерттеу

21. Экономикалық географиядағы жүйелік-құрылымдық әдістің негізі:

- A) Энергия
- B) Басқармалық
- C) Тұрақтылық
- D) Құрылым
- E) Операция
- F) Тәуелділік
- G) Байланыс
- H) Жүйе

22. Экономикалық және әлеуметтік география қарастырады:

- A) Демографияны
- B) Топырақ географиясын
- C) Физикалық географияны
- D) Өсімдік географиясын
- E) Ландшафтты
- F) Биогеографияны
- G) Қызмет көрсету географиясын

23. Әлеуметтік – экономикалық география зерттеулерінің жаңа бағыттары:

- A) Маршруттық зерттеу
- B) Геоақпараттық зерттеу
- C) Статистикалық зерттеу
- D) Қашықтықтан зондтау
- E) Картографиялық болжау
- F) Ғарыштық зерттеу

24. Киото хаттамасындағы шығарылатын зиянды заттарды қысқарту тәсілі бірнеше нарықтық механизмге негізделген:

- A) ел экономикасын жеделдету
- B) зиянды заттарды үздікіз бөлу
- C) бірігіп жүзеге асыру
- D) шығарылатын зиянды заттардың халықаралық саудасы
- E) табиғи ресурстардың көлемін көбейту
- F) таза даму механизмі

25. Қала экономикасының секторлары:

- A) күрделі
- B) негізгі
- C) кешенді
- D) үй шаруашылығы
- E) қызмет көрсетуші
- F) базалық
- G) қосымша
- H) өнеркәсіптік

**Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы

1. Жеңіл өнеркәсіптің дайын өнімдер шығару салаларына жатады:
 - A) жартылай дайын өнімдер өндірісі
 - B) дайын өнімдер шығару
 - C) бау-бақша өнімдері
 - D) тігін өндірісі
 - E) аяқ-киім
 - F) кілем тоқу

2. Саяси картаның өзгеруіне әсер ететін факторлар:
 - A) Елдің тәуелсіздігінен айырылуы
 - B) Сыртқы сауда
 - C) Сауда-саттық
 - D) Көші-қон
 - E) Халықаралық туризм
 - F) Шаруашылық байланыстары

3. Африкадағы монархиялық мемлекеттер:
 - A) Марокко
 - B) Эфиопия
 - C) Бурунди
 - D) Гамбия
 - E) Свазиленд

4. Сарқылмайтын ресурстар:
 - A) пайдалы қазбалар
 - B) ауа массалары
 - C) күн сәулесі
 - D) минералдық
 - E) биологиялық
 - F) энергетика

5. Халықаралық қаржы-қаражат байланыстарының нарық жүйесіндегі негізгі құрылымдары:
 - A) несиелік
 - B) сыртқы байланыс
 - C) экономика
 - D) халық жүйесі
 - E) ақша түрлері
 - F) ақша бірлігі

6. «Жаңа индустриялды елдер»:

- A) Непал, Ауғанстан
- B) Тайвань, Тайланд
- C) Иран, Пакистан
- D) Вьетнам, Лаос
- E) Қытай, Жапония
- F) Кувейт, Бахрейн

7. Табиғи ортада экологиялық проблема тудыратын ең «лас» өнеркәсіп салалары:

- A) Тау-кен өнеркәсібі
- B) Тоқыма өнеркәсібі
- C) Жеңіл өнеркәсібі
- D) Мал шаруашылығы
- E) Тамақ өнеркәсібі

8. Геотермалды электр станцияларынан энергия өндіруші басты елдер

- A) Кения
- B) Польша
- C) Исландия
- D) Жапония
- E) Уругвай
- F) Парагвай

9. Мұнайды аса көп тұтынатын ел:

- A) Нидерланды
- B) Ұлыбритания
- C) Бразилия
- D) Үндістан
- E) Қытай

10. Әлемдегі станок және темір соғатын құралдар өндірісінің 50% пайызы тиесілі мемлекеттер:

- A) Франция
- B) Италия
- C) АҚШ
- D) ГФР
- E) Корея Республикасы
- F) Финляндия
- G) Жапония
- H) Канада

11. Негізгі химия салалары:

- A) химиялық талшық өндірісі
- B) химиялық реактивтер өндірісі
- C) калий тыңайтқышы өндірісі
- D) фармацевтика
- E) тұрмыс химиясы
- F) күкірт қышқылы өндірісі
- G) синтетикалық каучук өндірісі
- H) минералды тыңайтқыштар өндірісі

12. Қазіргі кезде меринос жүні өндірілетін елдер:

- A) Өзбекстан
- B) АҚШ
- C) Қырғызстан
- D) Венгрия
- E) Қазақстан
- F) Аргентина
- G) Тәжікстан
- H) Қытай

13. Айрықша көп егістік аумағын алып жатқан әлемдік маңызы бар дақылдар:

- A) күріш
- B) қарабидай
- C) соя
- D) жүгері
- E) тары
- F) арпа
- G) бидай
- H) қарақұмық

14. Химия өнеркәсібіндегі трансұлттық компаниялар:

- A) Доу Империл
- B) Омега
- C) Хехст
- D) Конкордия
- E) Юнайтед Стейтс
- F) Доу Кемикал
- G) Дюпон

15. Дәрі-дәрмек саласындағы ірі компаниялар:

- A) Роше
- B) Мерк
- C) Юнайтетед Стейтс
- D) Тата стил
- E) Поско
- F) Пфайзер
- G) Омега

16. Дүниежүзінің саяси картасына үлкен өзгерістер әкелді:

- A) халықтың тәуелсіздік үшін күресі
- B) индустрияның дамуы
- C) дүние жүзіндегі халық санын өсуі
- D) ұлт-азаттық қозғалыстардың өсуі
- E) климаттың әркелкі таралуы

17. Дүние жүзі саяси картасының қалыптасу кезеңдері:

- A) капиталистік
- B) ежелгі
- C) ертедегі
- D) көне
- E) ортағасырлық
- F) қазіргі
- G) алғашқы қауымдық

18. Мәдени өсімдіктердің географиялық орталығы:

- A) Солтүстік Еуропа
- B) Үнді-Малай
- C) Абиссиния
- D) Орта Еуропа
- E) Чад аймағы
- F) Кавказ аймағы
- G) Жерорта теңіз

19. Бидайды сәуір-маусымда жинайтын елдер:

- A) Үндістан
- B) Канада
- C) Аргентина
- D) Аустралия
- E) Жаңа Зеландия

20. Мемлекетаралық бірігу достастықтары:

- A) Рим қоғамы
- B) Дания иеліктері
- C) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
- D) Француз ұйымы (Француз қоғамы)
- E) Орталық ұйым
- F) Британ достастығы

21. Шаруашылық құрылымындағы экономикалық секторлар:

- A) білім беру
- B) өнеркәсіп
- C) ауыл шаруашылығы
- D) медицина саласы
- E) ақпараттық технология

22. 2010 жылы Кедендік Одаққа мүше болған елдер:

- A) Молдова
- B) Қытай
- C) Украина
- D) Ресей
- E) Қазақстан
- F) Беларусь

23. Мұнайдың қасиеттері:

- A) еруге келетін қатты қалдық
- B) жанатын майлы сұйықтық
- C) қара және қоңыр түсті болады
- D) қатты түрінде кездеседі
- E) газ түрінде болады
- F) жанбайды

24. Табиғи газды ірі импорттаушы елдер:

- A) Польша
- B) Ресей
- C) Жапония
- D) Малайзия
- E) Тайвань
- F) Индонезия
- G) Алжир

25. Қазіргі таңда көмірдің барлық түрлерін өндіретін елдер:

- A) Ұлыбритания
- B) Жапония
- C) АҚШ
- D) Алжир
- E) Аустралия
- F) Испания
- G) Венгрия

**Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақстан географиясы

1. Қазақстанның табиғат жағдайының өте ерте заманнан зерттеле бастауы:

- A) табиғат жағдайларының сан алуан болуынан
- B) Жаңа жерлерді игеру және сауда-саттықты жүргізу мақсатында
- C) ертеден қуатты мемлекет болуынан
- D) батыс пен шығыс елдерінің арасындағы өтпелі орнынан
- E) Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағынан өтуіне байланысты

2. Герцин (кейінгі палеозой) қатпарлы аймағына кіретін географиялық объектілер:

- A) Алтай
- B) Мұғалжар
- C) Тұран жазығы
- D) Қаратау жотасы
- E) Солтүстік Қазақ жазығы
- F) Маңғыстау түбегі
- G) Үстірт

3. Шығыс Еуропа платформасының Қазақстандығы бөлігі:

- A) Қазақтың ұсақ шоқысы
- B) Сарыарқа
- C) Бетпақдала
- D) Тамды көтерілісі
- E) Каспий маңы ойпаты
- F) Мұғалжар қатпарлы облысы

4. Селдің пайда болу себептері:

- A) Бөгеттер салу нәтижесінде
- B) Жер суару және суландыру
- C) Атмосфералық қысымның әртүрлілігін
- D) Жергілікті желдердің әсері
- E) Өте күшті жаңбырдың жаууы, қардың күрт еруі
- F) Сырғыманың, опырылманың, қар көшкіндерінің, мұз тілімінің үзілуінің нәтижесі
- G) Орманды қырқу, малды шамадан тыс жаю сияқты шаруашылық әрекеттердің нәтижесі

5. Температуралық инверсия орын алатын Қазақстанның аймақтары:

- A) Тянь-Шань
- B) Тұран жазығы
- C) Балқаш маңы ойпаты
- D) Сары Есік Атырау
- E) Қарақия
- F) Бетпақдала

6. Қазақстандағы ең мол жауын-шашын түсетін жер:

- A) Қатон - Қарағай
- B) Тараз
- C) Орал
- D) Қызылорда
- E) Алтай

7. Балқаш көлінде мекен ететін жануарлар:

- A) Акула
- B) Сазан
- C) Кит
- D) Су сиыры
- E) Жыланбалық
- F) Дельфин

8. Солтүстік Мұзды мұхит алабына жататын өзендер:

- A) Үлкен және Кіші өзен
- B) Нұра және Сарысу
- C) Ертіс және Есіл
- D) Іле және Қаратал
- E) Тобыл және Сілеті
- F) Лепсі және Ақсу

9. Арал теңіз суының тартылуындағы негізгі себеп:

- A) Аралға құятын өзен салаларының азаюы
- B) Мұхит пен көлдерден алшақ жатуы
- C) Температуралық режим
- D) Литогенді әсер
- E) Жауын-шашынның азаюы

10. Қазақстанның тектоникалық көлдері:

- A) Зайсан
- B) Ыстықкөл
- C) Қарасор
- D) Марқакөл
- E) Сілеті теңізі
- F) Севан

11. Қазақстан аумағындағы ауданы 130 км^2 ден асатын үлкен мұздықтар орналасқан тау жүйелері:

- A) Теріскей Алатауы
- B) Қазақстан Алтайы
- C) Қырғыз жотасы
- D) Сауыр
- E) Талас Алатауы

12. Қазақстан аумағына тән негізгі топырақ типтері:

- A) Дала зонасының қызыл қоңыр топырағы
- B) Латеритті топырақтар
- C) Прерия топырақтары
- D) Шөлдің сұр қоңыр топырағы
- E) Орманды дала және дала зоналарындағы шалғынды қара топырақ

13. Тұран және Оңтүстік Балқаш маңы аймағында өсетін негізгі өсімдік түрлері:

- A) Эфемерлер
- B) Грек жаңғағы
- C) Жидек өсімдіктері
- D) Майқарағай
- E) Арша
- F) Жусан
- G) Эфемероидтар

14. Шөлейт зонаға кіретін физикалық-географиялық аудандар:

- A) Сарыарқа
- B) Солтүстік Балқаш
- C) Маңғыстау
- D) Тұран
- E) Торғай
- F) Орал алды
- G) Арал маңы ойысы

15. Ғалымдардың зерттеуі бойынша Қазақстан аумағындағы экологиялық жағдайы қауіпті аудандар:

- A) Солтүстік Қазақ жазығы
- B) Шортанды алабы
- C) Риддер қаласының төңірегі
- D) Ырғыз даласы
- E) Шарын алабы
- F) Бақанас алабы
- G) Каспий маңы

16. Л.С.Берг Қазақстанның жазық бөліктерін табиғат зоналарына бөлуде негізге алған көрсеткіштер:

- A) Тектоникалық құрылымы
- B) Ландшафттардың табиғи ерекшеліктері
- C) Жер бедерінің ерекшеліктері
- D) Өсімдік түрлері
- E) Топырақ жамылғысы
- F) Климаттық жағдайлары

17. Батыс Қазақстан географиялық объектісі:

- A) Үлбі
- B) Баскунчак көлі
- C) Памир
- D) Каспий
- E) Корженевский мұздығы
- F) Ембі

18. Қазақстан қандай ресурстардың қорынан дүние жүзінде алғашқы орындарды алады:

- A) Алтын, полиметалл
- B) Алтын, цемент
- C) Қорғасын, молибден
- D) Алюминий, мыс
- E) Ас тұзы, мирабилит
- F) Вольфрам, марганец
- G) Хромит, фосфор

19. Көші – қонның түрлері:

- A) ішкі
- B) тұрақты
- C) уақытша
- D) маусымдық
- E) халықаралық
- F) иммиграция

20. Қазақстан халқының табиғи өсу коэффициентінің күрт төмендеп кетуі байланысты (XXғ. 90 жылдары):

- A) Материалдық мәселелерге
- B) Жастардың басқа елдерге кетуімен
- C) Көші-қонмен
- D) Өмір сапасының нашарлауына байланысты
- E) Әлеуметтік дағдарыстың ықпалына

21. Шұлық шығаратын фабрикалар орналасқан қалалар:

- A) Шымкент
- B) Қарағанды
- C) Тараз
- D) Теміртау
- E) Өскемен
- F) Павлодар
- G) Ақтөбе

22. Қант қызылшасының негізгі егістік алқаптары:

- A) Сарыарқа жазығы
- B) Есіл, Нұра өзендерінің аңғарлары
- C) Қырғыз, Іле, Жетісу Алатауы бөктерлері
- D) Тұран, Үстірт аймағы
- E) Аса, Талас өзендерінің аңғарлары

23. Қазақстандағы көмірдің ірі бассейндері:

- A) Кеңді Алтай
- B) Каспий қайраңы
- C) Маңғыстау
- D) Екібастұз
- E) Оңтүстік Торғай
- F) Торғай (Обаған)
- G) Атырау-Ембі

24. Халықаралық экономикалық қатынастар тәуелді болатын географиялық факторлар:

- A) Шетелдік инвестиция
- B) Ұлттық, саяси-құқықтық
- C) Транзиттік, маршруттық
- D) Қаражаттық, несиелік
- E) Техникалық, электр энергетикалық
- F) Табиғи-географиялық, демографиялық, әлеуметтік

25. Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданындағы өнеркәсіп тораптары:
- A) Қаламқас-Қаражамбас торабы
 - B) Қостанай, Арқалық өнеркәсіп тораптары
 - C) Өзен-Жетібай торабы
 - D) Петропавл өнеркәсіп торабы
 - E) Жамбыл-Қаратау, Алматы өнеркәсіп тораптары

Қазақстан географиясы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ